

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 маусымдағы N 620 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 қазандағы N 1054 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.06.01. N 490 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 маусымдағы N 620 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Жошыбаев - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
Рәпіл Сейітханұлы министрінің орынбасары, төрағаның
орынбасары

Өтембаев - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
Ерік Мылтықбайұлы министрлігінің Ерекше тапсырмалар
жөніндегі елшісі, Қазақстан
Республикасының Каспий теңізінің
құқықтық мәртебесі мәселелері жөніндегі
келіссөздердегі өкілі, төрағаның
орынбасары

Әбілғазин - Қазақстан Республикасының Көлік және
Талғат Байтемірұлы коммуникация вице-министрі

Бекжанов - Қазақстан Республикасының Қоршаған
Жамбыл Лесбекұлы ортаны қорғау вице-министрі

Хасенов - Қазақстан Республикасының Ауыл
Сақташ Сатыбалдыұлы шаруашылығы вице-министрі

Ромашов - Қазақстан Республикасы Ауыл
Юрий Төлегенұлы шаруашылығы министрлігінің Балық
шаруашылығы комитеті төрағасының

орынбасары

Кеншімов - Қазақстан Республикасы Ауыл
Әмірхан Қадырбекұлы шаруашылығы министрлігінің Су

ресурстары комитеті төрағасының
орынбасары

Исаев - Қазақстан Республикасы Энергетика және
Мұсабек минералдық ресурстар министрлігі Мұнай
өнеркәсібі департаментінің директоры;

мына:

"Брагин - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны
Александр Геннадьевич қорғау министрлігі Құқықтық қамтамасыз
ету және халықаралық ынтымақтастық
департаментінің директоры";

"Уандықов - Қазақстан Республикасының Көлік және
Берік Құсманұлы коммуникация министрлігі Су көлігі
департаменті директорының міндетін
атқарушы

Әзімова - Қазақстан Республикасының Әділет
Эльвира Әбілқасымқызы министрлігі Халықаралық құқық
басқармасының бастығы"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Брагин - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны
Александр Геннадьевич қорғау министрлігі Нормативтік-құқықтық
қамтамасыз ету және халықаралық
ынтымақтастық департаментінің
директоры";

"Уандықов - Қазақстан Республикасы Көлік және
Берік Құсманұлы коммуникация министрлігі Су көлігі
департаментінің директоры

Әзімова - Қазақстан Республикасы Әділет
Эльвира Әбілқасымқызы министрлігі Заңға тәуелді кесімдер
департаментінің директоры";

көрсетілген құрамнан Әбусейітов Қайрат Қуатұлы, Шырдабаев Равиль
Тәжіғараұлы, Лавриненко Юрий Иванович, Мырзахметов Асқар Исабекұлы,
Ысқақов Нұрлан Әбділдаұлы, Сүлейманов Рафик Фрунзевич, Қонақаев Саяхат
Алпысұлы шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

